

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТИ МӘЖІЛІСІНІҢ
Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т
МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана, Парламент Мәжілісі
20 __ ЖЫЛҒЫ « __ » _____
№ _____

010000, Астана, Мажиліс Парламента
« __ » _____ 20 __ года

2024 жылғы 31 қаңтарда жарияланды

Қазақстан Республикасының
Өнеркәсіп және құрылыс министрі
Қ.Б. Шарлапаевқа

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі
А.С. Сапаровқа

Депутаттық сауал

Құрметті Қанат Бисимбайұлы!
Құрметті Айдарбек Сейпілұлы!

Президент соңғы Жолдауында машина-трактор паркінің жаңару қарқынын отандық өндірушілер мүддесін ескере отырып жылына 8-10%-ға дейін жеткізуді тапсырды, бұл тапсырманы орындау үшін жылына кем дегенде 400 млрд. теңге қажет.

Бүгін елімізде трактор, комбайн, аспалы, тіркемелі техника мен жабдықтар жасайтын, 3000 нан астам адамды жұмыс орындарымен қамтамасыз етіп отырған 18 зауыт жұмыс істеуде.

Ауыл шаруашылығына қажетті техниканың кем дегенде 50% отандық өнімдермен жабдықталуымен қоса, 1,5 мыңнан астам әртүрлі қосалқы бөлшектер мен жабдықтардың түрлері қажет!

Өңірлерде кәсіпорындардың өкілдерімен кездескенде, келесідей мәселелер көтерілді:

Бірінші - бәсекелестік.

Елімізде жасалған ауыл шаруашылық техникаларының өзіндік құны, өзіміздің нарықта көршілес елдердің арзан өнімдерімен бәсекеге қабілетсіздігін көрсетуде.

Мысалы, бізде шығарылатын сепкіштердің орташа бағасы 2.2 млн. теңге, ал Ресейде шығарылатын сепкіштердің орташа бағасы 1.6 млн. теңге. Бір сөзбен айтқанда, елімізде қалуға тиіс қаражаттың бәрі көрші елдің зауыттарына кетіп жатыр.

Себебі, біздің зауыттар қажетті темірді Ресейден қымбат бағамен алады, ал олар өз зауыттарына арзан бағамен сатады. Бұдан басқа, көрші мемлекет тарапынан

өндірушілеріне көрсетіліп жатқан көмекті, біздегі көрсетіп жатқан көмекпен салыстыруға келмейді.

Мәселен, бізде аспалы, тіркемелі техника мен жабдықтар шығаратын зауыттарға мүлдем мемлекеттік қолдау көрсетілмейді.

Атап айтсақ, Қызылорда қаласында орналасқан «Квант» ЖШС-і су шаруашылығына қажетті жабдықтар шығаратын кәсіпорын жұмыс істеуде, 80-нен астам адамға жұмыс орындарын беруде.

Бұдан басқа, Ақмола облысында «AZAM-KC» ЖШС-і еліміздегі элеватор кешендерін шығаратын бірегей кәсіпорын.

Осы сияқты, басқа өңірлерде де отандық кәсіпорындар көмекке зәру, жан-айқайлары Үкіметке жетпеуде!!!

Екінші мәселе. Зауыт өкілдерінің барлығы дерлік отандық темірдің дәнекерлеуге келмейтіндігін, сапасының төмендігін көтерді. Сол себепті көрші елдердің шикізатына тәуелді екендігін алға тартты. Осы мәселенің шешімі барма?

Үшіншіден - кадр саясаты. Қанат Бисимбайұлы - Сіз басқарып отырған министрлікте ауыл шаруашылығы машина жасау сұрақтарымен бір ақ адам айналысады екен, бұл ауыл шаруашылығы кешеніндегі стратегиялық маңызы бар салаға ат үсті қарау деген сөз! Бір адаммен Мемлекет басшысының ескірген ауыл шаруашылығы техникасы паркін жаңарту бойынша тапсырмасын қалай орындамақшысыз?! Біздің ойымызша ауыл шаруашылығы машина жасау сұрақтарымен арнайы департамент айналысуы қажет. Өнеркәсібі дамыған елдердің тәжірибесін алып қараңыз!

Төртінші мәселе. Біздер былтыр Комитет отырысында осы көтеріліп отырған мәселені қарастырғанда мынандай жағдайды анықтадық.

Жалпы бірде бір Мемлекеттік құзырлы орган ауыл шаруашылығы техникаларының нақты қандай түрлері мен қанша саны барын айта алмады. Бұл деректерді тиянақты анықтап алмай, саланы дамыту мүмкін емес!!!

Сондықтан, біз Ауыл шаруашылығы министрлігіне өңір әкімдіктерімен бірлесіп, осы сұрақты бір ретке келтіру бойынша ұсыныс беріп едік.

Өкінішке орай қозғалыс байқалмайды!!!

Жалпы еліміздегі ауыл шаруашылығы машина жасау саласы әлеуетінің зор екендігін атай отырып, Қанат Бисимбайұлы, Айдарбек Сейпілұлы Президенттің тапсырмасын орындау мақсатында стратегиялық бағдарламасының іске асырылуы жөнінде атқарылып жатқан шараларыңыз туралы Аграрлық мәселелер комитетіне хабарлауларыңызды сұраймын.

**«Ауыл» партиясы
фракциясының депутаттары**

Жигули Дайрабаев

**Серік Егізбаев
Анас Баққожаев**

Аян Зейнуллин

Қарақат Әбден

Николай Арсютин

Ерболат Саурықов

Таңсауле Серіков

**Аграрлық мәселелер
комитетің депутаттары**

Еркебұлан Мәмбетов

Қазыбек Әлішев

Аманжол Әлтай

Нұржан Әшімбетов

Павел Казанцев

Данияр Қасқарауов

Айдарбек Қожаназаров

Ислам Сұңқар

*Орын: Д.Жумадилов
Тел.: 74-67-67*